



**БҰЙРЫҚ**

30.04.2015 № 73

Павлодар қаласы

**ПРИКАЗ**

город Павлодар

**Банкроттық басқарушыны тағайындау туралы**

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы «Банкроттық және оңалту туралы» № 176-V Заңының 93- бабының 4-тармағына, Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы банкрот деп тану туралы шешіміне, 14 сәуірдегі 2015 жылғы «Ақ Адам» ЖШС-нің (БИН 111240013448) кредиторлар жиналасының хаттамалық шешіміне сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жанболат Бекболатович Темиралин «Ақ Адам» ЖШС банкроттық басқарушысы болып тағайындалсын.
2. Ж.Б. Темиралинге Қазақстан Республикасы оңалту және банкроттық туралы заңнамасының талаптарына сәйкес, банкроттық басқарушының міндеттерін атқару жүктелсін.
3. Банкроттық басқарушы Ж.Б. Темиралин Қазақстан Республикасы оңалту және банкроттық туралы заңнамасының талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Павлодар облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті борыштармен жұмыс басқармасының басшысы М.К. Рахметовқа жүктелсін.

Басшы



**Т. Сарсембаев**